

>> ТӘРБИЕ

Әлем халқы жаһандану жайпауынан тек үлттық болмысты сақтау арқылы аман қалады. Қазір алпауыт елдер тарапынан рухсыздандыру идеологиясы қарқынды турде жүргізіліп жатыр. Қөптеген үлттардың салт-дәстүрі, тіл мен діліне қысым түсуде. Сан жағынан аз, экономикалық жағынан әлжуаз үлттық рухына сыйат түспей қалмайды. Жойылудан, жұтылудан сақтайтын қорған - үлттық тәрбие. Үлттық тәрбие жүргізумен ғана үлттық болмыс сақталып, барлық құндылықтар салтанат қура алады.

Мұғалім – руханият саласының қызыметкери, ал бул сала құзыреттілігі тәрбие жұмысында. Ұстаздар тәрбиенің адамзат болмысын қалыптастыратын тел тумалық құбылыс екендігін жадында сақтауы басты шартқа алынуы тиіс.

Тәрбиенің бесігі - отбасы, ата-аналар оған жауапты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендегі, идеологиялық тәрбие мәселесін жетілдіру, оның жүйесін жаңырыруды қолға алу керек. Тәрбие мазмұны үлттық тарихи тәрбие тәжірибелеріне негізделуі тиіс. Тәрбие өрісі үлттық құндылықтарға негізделіп үрпақ рухын көтеру мақсатына бағдарланған болуы қажет. Жаһандаудың қазіргі күйтіркі әрекеті, мақсаты үлттық рухани мәдени отаршылдыққа айналдыру. Осылан байланысты өскелең үрпақ-

ҮЛТТЫҚ БОЛМЫС – ҮЛТТЫҢ ҚОРҒАНЫ

ты тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек. Өскелең үрпаққа дұрыс тәрбие мен бағыт-бағдар берілсе, бүкіл Қазақ елінің үлттық жаңғыруына мүмкіндік беріледі. Үлттық тәрбиенің мақсаты - маңандардың жаңа буынын, үлттық сана-сезімді, үлттық және отансуйгіштік рухтагы қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерінің бәсекеге қабілетті жастарын тәрбиелеу.

Болашақ жастарға қазақ халқының тілі, тарихы, салт-дәстүрі мен құндылықтарын, қазақ халқының үлттық мәдениетін үйретіп сіндіру қажет. Жастардың бойында үлттық рухты, женимпаздық пен отансуйгіштік рухында тәрбиелеп, өз халқының тарихын, оның өткені мен болашағына көз жүгіртіп, саналы көз қарасын қалыптастыру маңызды. Болашақ көшбасшыларға бағыт-бағдар бергенде, әуелі халық ауыз әдебиеті мен лиро-эпостық жырларды үйренуден бастау қажет. Қазақтың салт-дәстүрі, тәрбиесі, мәдениеті де осы халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Халық ауыз әдебиетімен сүсынданған бала тамыры терең кеткен бәйтепек сынды қуатты болады. Адамзаттың ең басты миссиясы - саналы үрпақ тәрбиелеу. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде балалар әдебиетінің орны ерекше. Олар әдебиетті оку арқылы жақсы мен жаманды ажыратып қоғамға бейімделеді. Ал, қазақтың әр салты тұнып түрган тәрбие. Үлкенді күрмет-

теу, кішіге ізетті болу, әлсізге көмектесу - осының бәрі біздің дәстүрімізден жеткен дүние. Бүгінде қазақта ұмыт бола бастаған әдәт-ғұрыптарды жаңырып, отбасындағы тәрбиемен бірге салт-дәстүрімізді әдебиеттегі іліммен толықтырып отыру керек.

Елбасы үлттық мәдениет арқылы саналы үрпақ тәрбиелейміз деңгендей, үлттық мәдениетті тарихтан бөліп-жарып қарай алмаймыз. Қазақ халқы болмысы ерекше, рухани мәдени мұраларға бай. Дәл қазіргі уақытта жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей үлттық мінез, асқақ рух керек. Мәдениетімізді зерделеп өзге жүртқа насихаттай білген абзал. Бірақ тек өткен тарихпен шектеліп қалмай, бабалардың рухына лайықты үрпақ, лайықты мұрагер екенімізді әрбір ісімізben дәлелдеуге міндеттіміз. Сол кезде ғана әлемдік өркениетпен теңсесе аламыз. Ел болып рухымызды қайрап еңсемізді тіктеп, биік асуларга, Мәңгілік ел болуға жету үшін және тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай еңбек етуге тиіспіз.

**Э. ХАЛМЫРЗАЕВ,
К. ХАЛМЫРЗАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
филология факультеті
«Заманауи тілдер және
аударматану» кафедрасының
ага оқытушылары**